

Шымкент қаласы білім
басқармасы
«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

БҰЙРЫҚ № 107/2
2023жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ № _____
_____сентябрь 2023год
город Шымкент

Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы

Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, тәртіпсіздік пен жағымсыз әрекеттердің алдын алу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және кәмелетке толмағандардың жауапкершілігін арттыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын;
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілсін (дәрістер, түсіндіру кездесулері, дөңгелек үстелдер, ата-аналармен бірлескен жұмыстар).
3. Сынып жетекшілеріне:
Әр оқушының мінез-құлқын бақылап, ата-анамен тұрақты байланыс орнату;
Құқықтық тәрбиеге бағытталған сынып сағаттарын өткізу.
4. Әлеуметтік педагог пен психологқа:
тобындағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
Құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың тізімін жаңартып отыру.
5. Мектеп инспекторына:
Мектеп аумағында және маңында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту;

Мектеп директоры



 Л.Мырзакасымова



№ 136 жалпы орта мектебінің кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың, өз-өзіне қол жұмсаудың және нашакорлықтың, панасыз қалудың, кибербулингтің алдын алуға арналған кешенді іс-шара жоспары

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	Құқық бұзышылықтың алдын алу мақсатында мектеп ішілік мобильдік топ құру	Жоспар	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова	Қыркүйек
2	Оқушылардың арасында қиын жағдайға ұшыраған, тұрмысы нашар, аналары азаматтық некедегі тұлғалармен қарым-қатынастағы отбасылардың біріңғай тізімін жасақтау	Тізім жасақтау	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
3	Құқық бұзышылыққа жасаған, көшелерде қайыр сұрап және түнгі мезгілде бей-берекет жүрген кәмелетке толмаған балаларды анықтап, олардың отбасыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізу	Рейд жасау	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова мектеп инспекторы	Қазан
4	Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып сағаттарын өткізу	Сынып сағаты	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова сынып жетекшілер	Қараша
5	Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, өзі-өзіне қол жұмсаудың, құқық бұзышылықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралардан арнайы бейнеролик дайындап тоқсан сайын әлеуметтік желілерде насихатталуын қамтамасыз ету	Анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова А.Жолақова Мектеп инспекторы	Желтоқсан
6	Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мүдделі орган өкілдерін қатыстыра отырып, күндізгі және түнгі уақытта рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру	Хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов Мектеп инспекторы	Қаңтар

7	Құқық бұзушылық жасаған оқушылардың ата-аналарымен жеке кездесу өткізу, оларды профилактикалық есепке ала отырып, тәлімгерлер бекіту және мектеп әкімшілігі тарапынан құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізген профилактикалық іс-шараларын зерделеу жүргізу мақсатында мектеп оқушылармен орын алған қылмыс бойынша сараптама жүргізіп, ай сайын білім басқармасына қылмыс жасаған оқушылардың тізімін қылмыс жасау түрлерін келтіре отырып жолдау.	Хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова Мектеп инспекторы	Ақпан
8	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастықтың, панасыздықтың алдын алу мақсатында профилактикалық кездесулер, дөңгелек үстелдер, жиналыстар өткізу.	Хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова Психолог А.Базарбаева А.Жоланова	наурыз
9	Кәмелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлқына ықпал етуші жағдайлар мен себептерді анықтау үшін психолог мамандарды, әлеуметтік педагогтарды, дәрігер психологтарды, мектеп мөлтек аудандағы емхана қызметкерлері, заңгерлерді тарту арқылы жұмыс тобын құру.	Хаттама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова Психолог А.Базарбаева Әлеуметтік педагог	Сәуір
10	Құқық бұзушылық бойынша есебі	анықтама	ДТЖЖО Б.Ибрагимов П.Садыбекова	Мамыр

ДТЖЖО  Б.Ибрагимов
П.Садыбекова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
**«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 8.10.2023ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, Мүдделі мемлекеттік органы
қызметкерлері, оқушылар

Тақырыбы:

Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, өзін-өзіне қол жұмсаудың және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралардан арнайы бейнеролик дайындап, оны тоқсан сайын әлеуметтік желілерде насихаттау туралы.

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп инспекторы

Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

1. Б.Ибрагимов

– Кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктілік, өз-өзіне қол жұмсау және құқық бұзушылық мәселелерін талқылап, алдын алу жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

– Алдын алу бағытындағы іс-шараларды бейнеролик түрінде түсіріп, әлеуметтік желілер арқылы тоқсан сайын насихаттау ұсынылды.

2. А.Жоланова

– Оқушылармен психологиялық тренингтер, кеңестер мен әңгімелер ұйымдастырылатынын баяндады.

3. Б.Кадиркулова

– Тәуекел тобындағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, ата-аналармен байланыс орнатылғанын жеткізді.

4. Ғ.Ә.Алтынбеков

– Мектеп аумағында және оқу уақытына дейінгі, кейінгі кезеңде бақылау шаралары жалғасатынын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің, өз-өзіне қол жұмсаудың және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру және тәрбиелік іс-шаралар жүйелі түрде өткізілсін.

2. Осы бағытта арнайы бейнеролик дайындалып, тоқсан сайын әлеуметтік желілерде жариялансын.

3. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерге оқушылар мен ата-аналар арасында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.

4. Жұмыс нәтижесі бойынша есеп директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ұсынылсын.

ДТЖЖО:  П.Садыбекова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
**«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

Өткізілген күні: 11.11.2023ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, Мүдделі мемлекеттік органы
қызметкерлері, оқушылар

ХАТТАМА №2

Тақырыбы:

Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мүдделі орган өкілдерін қатыстыра отырып, күндізгі және түнгі уақытта рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру туралы.

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі, мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, психолог, ата-аналар комитеті өкілдері, жергілікті полиция қызметінің инспекторы.

Күн тәртібі бойынша тыңдалды:

1. Б.Ибрагимов

- Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында кешенді шаралар қабылдау қажеттігін айтты.
- Жергілікті құқық қорғау органдарымен бірлесіп күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылды. Полиция капитаны Ғ.Ә.Алтынбеков
- Рейдтік шаралар барысында түнгі уақытта ата-анасының қарауынсыз жүрген, қоғамдық орындарда бейберекет жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау жұмыстары жүргізілетінін баяндады. Мектеп психологы Б.Кадиркулова рейд барысында анықталған балалар мен олардың отбасыларымен профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылатынын, әр жағдай жеке бақылауға алынатынын жеткізді.

Мектеп психологы Анықталған балаларға психологиялық көмек көрсету, кеңес беру және оңалту шараларын іске асыру жоспарланғанын айтты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мүдделі орган өкілдерін тарта отырып, күндізгі және түнгі рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылсын.
2. Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және мектеп инспекторы бірлесіп, анықталған балалар мен отбасылармен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізсін.
3. Рейдтік шаралардың нәтижесі бойынша есеп ай сайын мектеп әкімшілігіне ұсынылсын.
4. Осы шешімнің орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бақылауға алсын.

ДТЖЖО: *П.Садыбекова* П.Садыбекова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
**«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

ХАТТАМА №3

Өткізілген күні: 22.01.2024ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы.

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог, инспектор (УПИ), тәлімгерлер, ата-аналар.

Күн тәртібі:

Құқық бұзушылық жасаған оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке кездесу өткізу, профилактикалық есепке алу, тәлімгерлер бекіту және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шараларды зерделеу.

Тыңдалды:

ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз сөйледі. Ол оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып, құқық бұзушылық фактілерінің азаюы үшін ата-аналар мен педагогтардың бірлесе әрекет ету қажеттігін атап өтті. Және оқушылармен жүргізілген профилактикалық жұмыстардың қорытындысын таныстырды. Құқық бұзушылық жасаған оқушылардың ата-аналарымен жеке әңгімелесу өткізілгенін, оларды бақылауға алу және әр оқушыға тәлімгер бекіту жұмыстарының басталғанын баяндады.


Полиция майоры Ғ.Алтынбеков құқық бұзушылықтың түрлері мен себептеріне тоқталып, мектеп пен полиция қызметкерлерінің өзара іс-қимылын күшейту қажеттігін ұсынды.

Қаулы етті:

1. Құқық бұзушылық жасаған оқушылар мен олардың ата-аналарымен жеке кездесу өткізу жұмыстарын жалғастыру.
2. Әрбір құқық бұзушылық жасаған оқушыны профилактикалық есепке алу және тәлімгерлер бекіту.
3. Мектеп әкімшілігі тарапынан профилактикалық іс-шаралардың орындалу барысын жүйелі түрде зерделеп отыру.
4. Ай сайын құқық бұзушылық фактілері бойынша сараптама жүргізіп, білім басқармасына оқушылар тізімін және қылмыс түрлерін көрсете отырып жолдау.
5. Сынып жетекшілеріне оқушылардың тәртібін бақылауда ұстау және ата-аналармен тығыз байланыста болу тапсырылсын.

Хаттамаға қол қоюшылар:

Төраға: 

Хатшы: 

Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім
беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу
құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны



Коммунальное
государственное предприятие
на праве хозяйственного
ведения
**«Общеобразовательная
средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

Өткізілген күні: 04.03.2024ж.

Өткізілген орны: Мәжіліс залы.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі
отырыстың хаттамасы №4

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог, полиция инспекторы (УПИ), тәлімгерлер, ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі:

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың, қаңғыбастықтың және панасыздықтың алдын алу мақсатында профилактикалық кездесулер, дөңгелек үстелдер мен жиналыстар өткізу туралы.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б.Ибрагимов сөз сөйледі. Ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында мектепте жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың, ата-аналардың тәрбиелік жауапкершілігін арттырудың маңыздылығына тоқталды. Ол оқушылардың мінез-құлқына, қатысым мәдениетіне, сабаққа қатысуына байланысты жүргізілген бақылау нәтижелерін ұсынды. Мектеп психологы А.Жоланова оқушылар арасында тәртіп бұзушылықтың психологиялық себептерін талдап, ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес берді. Күн тәртібіндегі барлық тақырыптарды таныстырып, арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін арнайы шақырылған учаскелік инспектор капитаны Нурдәулет Доскуловқа сөз кезегін берді. Сөз кезегінде учаскелік

инспектор , барлық оқушының мектептегі тәртіпті сақтау мен сабаққа уақытылы қатысу мәселесін айтты. Және кемелетке толмаған ер балдардың ұйымдасқан төбелесті болдырмауын,әлімжеттік ,буллинг ,кибербуллинг жасамауын айтып.түсіндірді.Оқушы ер балдарға бейнеролик көрсетіліп,бейне баян бойынша талқыланды. Полиция капитан Нурдәулет Доскулов "Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы" ҚР Заңына сәйкес, 18 жасқа толмаған балалардың сағат 23:00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуынсыз көшеде жүруіне тыйым салынатынын түсіндірді. Сонымен қатар, заңды бұзған жағдайда ата-аналарға әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын атап өтті. Және оқушылардың түнде бейберекет жүруі қылмысқа, құқықбұзушылыққа және түрлі қауіп-қатерге ұрындыруы мүмкін екенін айтты. Ол соңғы айда болған құқықбұзушылық фактілеріне мысал келтіріп, ата-аналарды балаларының кешкі уақытта қауіпсіздігін қадағалауға шақырды.

Хаттамаға қол қоюшылар:

Төраға: 

Хатшы: 

«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

АНЫҚТАМА

02.09.2023 ж.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы туралы

Мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесінде төмендегідей санаттағы отбасылар мен оқушылардың тізімі жасақталды:

Қиын жағдайға ұшыраған отбасылар;

Тұрмысы төмен отбасылар;

Аналары азаматтық некедегі тұлғалармен қарым-қатынаста тұратын отбасылар.

Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша аталған санаттағы отбасылардың бірінғай тізімі жасақталды және ол әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілердің бақылауына алынды.

Бұл нықтама мектепте әлеуметтік жағдайы әртүрлі оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізу, көмек көрсету және профилактикалық шаралар ұйымдастыру мақсатында берілді.

ДТЖЖО:

Әлеуметтік педагог:



Б.Ибрагимов

Б.Кадиркулова

**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны**

АНЫҚТАМА

17.09.2023 ж.

Құқық бұзушылыққа барған және бейберекет жүретін кәмелетке толмаған балалармен жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы

Мектеп аумағында және елді мекен көшелерінде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мобильдік топ мүшелері мен мектеп инспекторының бірлескен рейдтік іс-шаралары жүргізілді.

Рейд барысында көшелерде бей-берекет жүрген, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің қарауынсыз жүрген, сондай-ақ қайыр сұраған және ұсақ құқықбұзушылық жасаған кәмелетке толмаған балалар анықталды.

Анықталған балалардың тізімі жасақталып, олардың отбасыларымен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

Әрбір отбасымен әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі және мектеп инспекторы бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау және тәрбиелік жауапкершілікті арттыру туралы ескерту жасалды.

Бұл жұмыстар құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбиелік бақылауды күшейту мақсатында тұрақты түрде жалғастырылатын болады.

ДТЖЖО:  П.Садыбекова

Текс: Мад

«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Пікір сайыс

Тақырыбы: Қылмыс қайдан шығады?

Шымкент 2023

Тақырыбы: «Қылмысқа кінәлі кім?» атты пікірсайыс бағдарламасы

Мақсаты:

1. Дамытушылық: Оқушылардың ой-өрісін дамытып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Оқушылардың ойлау қабілетін, өз ойларын тиянақты жете айта біліп, қарсыластарын тыңдай білуге дағдыландыру.
 2. Білімділік: Қоғамдағы әлеуметтік және психологиялық ахуалды түсінуге бағыттау, өзара қатынасты сенім рухында тәрбиелеу. Оқушы көзқарасын қалыптастыру, әділдікті тануға көмектесу.
 3. Тәрбиелік: Жамандықтан аулақ болу, дұрыс, не бұрыс екендігін ажырата білуге баулу. Сөз додасына түскенде мәдениеттілікті сақтауға тәрбиелеу.
- Тәрбие сағат түрі: Пікірсайыс сабақ
Әдісі: Коммуникативтік сұрақ –жауап, (ситуация туғызу)
Пікір айтушылар екі топқа бөлінеді.

Мұғалім сөзі:

Құрметті оқушылар, бүгін біздің өткізгелі отырған пікірсайыста қозғалатын өзекті мәселе «Қылмысқа кім кінәлі?» деп аталады. Осы күрделі тақырыпты анықтау үшін бүгін біздің екі топ пікірсайысқа қатысқалы отыр.
Бала тәрбиесі өзекті мәселе және осы мәселені шешу үшін біз бүгін мұғалімдерді, мектеп басшыларын және арамыздан тағайындалған тәуелсіз сарапшыларды шақырып отырмыз.

1 бөлім

Енді бүгінгі пікірсайыстың негізгі желісі «Жұмбақ бейне» сөзіне кезек берсек.

Бейне көрініс. «Жұмбақ бейне» сөзі:

Мен мектепке дейін ата - анамның сүйікті ұлы болдым, мектеп қабырғасында бастауыш класта сабақты жақсы оқыдым. , бірақ өзім қатарлы балаларға үстемдік жасағанды ұнататынмын. Бұл жағдай 7-8 класс оқыған кезімде онан сайын өрши түсті. Өз қатарымнан көрі ауладағы жасы үлкен топтағы балалармен бірге жүруді дағдыға айналдырдым. Олардан темекі, наша тартуды үйрендім. Осындай көңілді бір сәтте көшеде келе жатқан бір балаға тиісіп төбелес ұйымдастырдым, оның аяғы ол баланың ауыр жарақат алып өлуімен аяқталды. Мен тұтқындалып ауыр қылмыс жасағаным үшін бас бостандығымнан айрылдым. Қазір түрмеде отырмын. Түрмедегі жағдайым өте ауыр. Өткен өмірімде жіберген қателіктерім, дәрежелігім үшін қатты өкінемін. Осындай деңгейге жетуіме жол берген, ақылдарын айтпаған кінәлі жандарды іздеймін.

Бірінші бөлім.

Топ басшылары конверттер алу арқылы тапсырмаларын алады.

- Қәнекей, топ басшылары өздеріне берілген тапсырмаларды таныстырып отырсын.

Пікірсайыс басталмас бұрын сарапшыларды және көрермендер арасынан жеңімпаз топтарды анықтау үшін дауыс беру құралы яғни теннис шаригін тартып алсақ. Мұғалім шарик алғандарға дауыс беру тәртібін түсіндіреді.

- Құрметті көрермен мен сарапшылар, пікірсайыстың жүру барысын мұқият бақылауларыңызды сұраймын. Себебі, пікірсайыстың соңында екі топтың құнды пікір айтқандығын сіздер анықтайсыздар.

1-топ :Ата-аналардың тәрбиесін кіналаушылар.

Ондағы тапсырмалар:

1,2,3,4,5

2-топ:Мектеп мұғалімдері тәрбиесін кіналаушылар.

Ондағы тапсырмалар: 1,2,3,4,5

1. Пікірсайысты бірінші номерлі топ бастайды.

Бірінші топ тапсырмасы: Жұмбақ бейненің дұрыс тәрбие алмауына кінәлі ата-аналар яғни ата - аналардың дұрыс тәрбие бермеуінен бала осындай деңгейге жетіп отыр деп санайтын топ пікірін тыңдасақ.

Топ мүшелері өздерінің пікірлерін кезектесіп айтып шығады.

Кезекті екінші топқа берсек.

Екінші топтың тапсырмасы: Жұмбақ бейненің дұрыс тәрбие алмауына кінәлі мұғалімдердің яғни класс жетекшісі мен мұғалімдердің кінәсінен бала осындай деңгейге жетті деп санайтын топ пікірін тыңдасақ.

Мұнан кейін топтар айтылған пікірлерге сәйкес бір бірлеріне екі сұрақтан қойып жауаптар береді.

Пікірсайысқа байланысты оқушылардан құрылған сарапшылар екі топ пікірлеріне сараптама жасайды.

Екінші бөлім

11 Тақырыпты ашықтау, талқылау «Кім кінәлі?»

111 Консилиум

1. Топтық төбелес болып жатыр, ағасы інісін байқап қалып (оны қатты соққан):

- Әй, мұрынбоқтар, жаппай менің ініме тиіскенді көрсетейін...Мә, саған, пәле...деп бірекеуін соққыға жықты. Сосын інісіне жүр үйге, жуынайық, былай- былай тұмсықтан дұрыстап ұрмаймын ба ?- дейді.

Осы миниатюра жөнінде сіз аға ретінде өзіңізді қалай ұстар едіңіз?

Пікіріңіз

1. Педагогикалық ситуация (миниатюра)

Екі бала кездесті. Бір бала біреуіне күш көрсетіп, «екінші рет айтылған ақшаны әкелмесең, мен саған көрсетемін» - дейді. Оның үстіне ағасы келіп қалды.

- Не үшін, - деді?

- Біз анада күш сынастық, ол жеңілді, енді ақша -200 теңге әкелуі керек деді.

Ағасы - ол дұрыс екен, жеңілдің бе, төле онда! Бар - бар жылтырат табаныңды – деді құйрығынан теуіп жіберді. Осы ситуация жөнінде сіз ағасы болсаңыз не істер едіңіз?

Пікіріңіз

Проблемалық сұрақтарға екі топтың жауаптары

(Топтарға ойлануға 1 минут уақыт беріледі)

Сарапшылар ортасынан 1 немесе 2 сарапшы топтардың жауаптарына бағалар беріледі.

Ендігі кезекті осы бөлім тапсырмаларына нақты жауаптар берген топтарға сараптама жасау үшін сарапшыларға берсек.

Үшінші бөлім

«Дос ақылы»

Оқушыларды жұптарға бөлген соң нұсқау беріледі, әркім өзінің әріптестеріне өмірінде кездескен қиын жағдайлар мен қылықтарын тіпті тәртіп бұзғандығы есіне түсіп, айтып, осындай жағдай қалай болады, не істеу керек?- деп ақыл кеңес сұрайды. Досы сенің орнында болса өзінің не істейтінін айтып ақыл қосады. Тапсырма орындау кезінде мұғалімнен көмек алуға болады. Бірі екіншісіне ақыл берген соң рольдерін ауыстырады.

Құрметті көрермендер сіздер бүгін «Қылмысқа кім кінәлі» атты классы оқушыларымен

өткізілген пікірсайысты көріп тамашаладыңыздар, ой түйдіңіздер. Енді осы тақырып бойынша және балалардың пікірсайыс барысындағы белсенділігі мен олардың берген жауаптарының құндылығына байланысты өз пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар. Пікірсайысқа қатысушылар арасында (қонақтар) пікірсайыстың құндылығы оның тақырыпты аша білуі туралы пікірлерін айтады. Сарапшылармен көрермендер арасынан дауыстар беріліп жеңімпаз топтар анықталады. Топтарды марапаттау жұмыстары жүргізіледі. Сабақ соңында мұғалім қорытынды жасай отырып, толықтырады.

Қорытынды: Бүгінгі сабақты қорытындылай келе, естігенімізді, көргенімізді, түйгенімізді, одан әрі дамыта береміз. Өйткені бұл тақырып бір сағатта, бір күнде айтып бітіре салатын нәрсе емес. Сынып оқушыларының бүгінгі тақырып туралы жақсы пікірлерін тыңдадық, ой түйдік. Сондықтан әр адам өзін өзі танып, тәрбиелей білуі керек.

Міне, бүгінгі «Дос ақылы» атты тренингте де азда болса тұлғаны танып білуге, өздеріңді өздерің тануға жол ашты деп ойлаймын. Сабақ соңында бүгінгі пікірсайыс сабақта өз ойларыңды ортаға салғандарыңыз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін.

«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Баяндама

Тақырыбы: Заң білмеген зардап
шегеді

Шымкент 2023

«Занды білмеген зардап шегеді»

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын сын сәтте таба білуге, алдына мақсат қоя білуге баулу. Оқушылардың құқықтық білімін дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау. Конституция, т.б. құқықтық нормативтік актілерді құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Тәрбиешінің кіріспе сөзі
3. Оқушылармен ой бөлісу
4. Мақалдар оқып, талдау
5. Қорытынды Қанатты сөздер «Құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа», «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды», Заң біткен жерде зұлымдық басталады».

Кіріспе сөз Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Алдын алу жұмысының нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты. Мектеп жасындағы балалардың құқықтық санасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауына, заң талаптарына өз талаптарын қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет. Осы мақсатта бүгін топта «Заң бәрімізге ортақ» атты дөңгелек үстел өткелі отыр. Дөңгелек үстел 5 бөлімнен тұрады: 1. Күнделікті көрініс. 2. Мен заңды қаншалықты білемін? 3. Ешқандай заңы жоқ арал. 4. «Қызыл, сары, көк ауыл». 5. Қылмыскер бала қайдан шығады? Тәрбиеші: Халқымызда «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген тамаша мақал бар. Ақылды болу айналаңдағы адамдарды сыйлай, қадірлей білу деген сөз. Құқықтық тілмен айтқанда бұл - заңды білу, яғни заңды білген адам өзгелерге құрметпен қарайды. Заңды білмегендіктен заңсыз істер істеп, зардап шегіп, өзін қорғай алмай жүргендерді көптеп кездестіреміз. 1. Күнделікті көрініс: Ауыл іші, түн, топ бала өлең айтып, шулап отыр. Жандарынан өтіп бара жатқан балаға отырғандардың біреуі атып тұрып: «Әй, бері кел» деп айқай салды. Қайырылмаған оған пышақ көрсетті. Көріністен кейін қойылған сұрақтар: - Қалай ойлайсыңдар, демалып отырған жастар заңды бұзды ма? - Кім қалай бұзды? - Ата - ана, тарапынан қандай жауапсыздық кетті? (Оқушылар жауабы тыңдалады.) 2 - бөлім. «Мен заңды қаншалықты жақсы білемін?» деп аталады.

Тәрбиеші: Қазір мен бірнеше жағдайларды оқимын. Бұның ішінен оқылған жағдайды қылмыс деп тапсаңыздар оң қолды көтересіздер де, себебін алдарыңыздағы паракқа жазасыздар, егер қылмыс емес десеңіздер сол қолдарыңызды көтересіздер, себебін тағы паракқа жазасыздар. Әр жағдайға жеке тоқталып, түсініктеме бересіздер. 1. Дүкенде спирттік ішімдікпен бірге есірткі де сатылады. 2. Түнгі көшеде жастар айқайлап өлең айтып келе жатыр. 3. Сатушы сатып алушыға байқамай артық ақша беріп жіберді, ал

сатып алушы өзіне тиесілі ақшадан артық екенін біле тұра қайтіп бермеді. 4. Бір оқушы сыныптасына: «ертең 20 теңге әкеліп бересін, әкелмесең басқаша сөйлесеміз» деп күш көрсетті. 5. Химиялық завод өзінің зиянды өнімін өзенге тастады, сол өңірдің ауасы бұзылды. 6. Мектеп оқушылары жүзім ұрлады. 7. Сыныптағы бір бала екінші баланың сумкасын сызып тастады. (Оқушылар түсініктеме берген соң заң қызметкері заңға сүйене отырып, өз ойын айтады.) Ендігі бөлім «Заңсыз арал» деп аталады. Тәрбиеші: Біз ешқандай заңы жоқ аралда өмір сүрсек, не болар еді? (Оқушылар пікірі тыңдалады.). Осы бөлімді қорытындылау.

Тәрбиеші: Заңсыз елде әркім өз білгенін істейді, тәртіп сақталмайды. Сондықтан адамдар қалыпты жағдайда өмір сүре алмайды, ал тәртіп пен заң біздің қалыпты тіршілігіміз үшін қажет.»Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген Б. Момышұлының сөзін естен шығармайық.

«Қызыл, сары, көк ауыл» деп аталатын 4 - бөлімді айтып, әр топтың ортасына әр түрлі лента қойылады. Тәрбиеші: Жер енді ғана жаратылғанда адамдар бір - бірімен дос, бауыр болыпты, бір - бірінен ешнәрсе аямапты. Бір күні аспаннан әр түрлі ленталар түсіпті де адамдар үлгергенінше бірі көгін, бірі қызылын, бірі сарысын алыпты. Күндердің күнінде қатты жел тұрыпты да қызыл лента алғандар қызыл, көк лента алғандар көк болып бөлініпті. Әр ауыл бөлек - бөлек қорған тұрғызыпты (Осы кезде мұғалім: ленталарыңызбен өздеріңізді қоршап алыңыздар дейді.) Біраз уақыттан соң адамдар достықты ұмытады. Көк ауылда су бар азық жоқ, қызыл ауылда азық бар су жоқ, сары ауылда азық та, су да бар, от жоқ. Енді қалай өмір сүруге болады, не істейсіздер? (Оқушылар жауабы тыңдалады.) (Әр түрлі ой айтқан олар қорғанның келегі жоқ, біз дос болуымыз керек деген ойға тоқталады. Бұл әңгіменің астарында бір жұмбақ жатыр, сол жұмбақты кім шешеді деген сұрақ тасталады) Жауап: Адамдардың ауыл - ауыл көше - көше болып бөлінетіндігін, сол бөліну кезінде құқықтары бұзылатындары айтылады. 5 - бөлім. (Қылмыскер бала қайдан шығады)? Тәрбиеші: Бүгінгі күні қоғамды алаңдатып отырған жағдайлардың бірі ол - мектеп жасындағы балалардың қылмыс жасауы. Келесі бөлім балалардың жасаған қылмысы туралы болмақ. - Құқық бұзушылықтың себебі неде деп ойлайсыздар? (Оқушылардың жауаптары тыңдалады.) Құқық бұзушылық істейтін жұмыстың жоқтығынан, Абай атамызша айтқанда «көйлегі көктік, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын». Оқушыларға екі сурет көрсетіледі: Біріншісі тіп - тік әдемі салынған үйдің суреті. Екіншісі - фундаментінен бастап кірпіші дұрыс қаланбаған, төбесі жарылып кеткен үйдің суреті. (Сурет жайлы оқушылар ойы тыңдалады.) Бұдан соң бірінші сурет тәрбиесі дұрыс бала екендігін, екінші сурет тәрбиесі дұрыс болмаған бала жайында екендігі айтылады. Тәрбиеші: «Отбасы – барлығының басы, жан - жақты негізі болатын тәрбие институты. Ата - анамен баланың қарым - қатынасы нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгісі қалыптасады. Ал әке мен шеше, ата мен әже, апа мен ағалар баланың алғашқы тәрбиешілері»- деп В. А. Сухомлинский айтқандай, алғашқы тәрбиешілердің алғашқы тәрбиесі ерте бастан яғни бесіктен басталуы тиіс. Яғни, екінші сурет бала тәрбиесінің о бастан дұрыс басталмағанын көрсетіп тұр. Мақалдар оқып, талдау

1. «Куәсіз істі күмән табар, куәлі істі куә табар».
2. «Ар алтынмен өлшенбейді. Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы».
3. «Заңның құрығы бәрінен ұзын».
4. «Ұрының арты қуыс. Ұрлық түбі – қорлық».

5. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің».

6. «Би екеу болса, дау-төртеу. Дау мұраты-біту».

7. «Әділ істің – арты игі».

8. «Тақыр жерге су төксең, тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң, айғақ болар».

Қорытынды Тәртіпті бала-сүйініш, төбең бір көкке жетеді. Тәртіпсіз бала- күйініш, төмендеп басың кетеді. Ұрыншақ бала жаныңда: ұрыс пен керіс, айқай-шу, Ұстамды бала маңынан ұнамды қылық байқайсың.

- Сонымен, қорытындылай келе, біз бүгін өз құқығымыз жайлы ой түйдік. Бауыржан Момышұлы атамыз «Азамат жолы-ар жолы» деп айтқандай, ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқығымызды да, білейік!